

«ХАТУ» қабылдау комиссиясының  
«БЕКТЕМІН» төрайымы  
А.К.Хикметов  
« 11 03 2023 ж.

**ХАТУ-дың В042 – «Журналистика және репортерлік іс» саласындағы  
«Бизнес журналистика, SMM&PR», «Цифрлық журналистика»,  
«Халықаралық журналистика және интернет қауіпсіздігі»,  
«Телерадио журналистика» білім беру бағдарламалары тобы бойынша  
шығармашылық емтихан өткізу бағдарламасы**

Бұл бағдарлама «Жоғары білім берудің кәсіптік білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы) 2023 жылғы 02 маусымдағы өзгерістер ескеріліп (ҚР Ғ және ЖБМ №252 бұйрығы) 2023-2024 оқу жылына қабылдау құжаттары мен бакалавриатқа түсу емтихандары үшін әзірленген.

Талапкер ХАТУ АҚ В042-Журналистика және репортерлік іс саласындағы білім беру тобы бойынша оқуға түсу үшін бірінші және екінші бейіндік пән ретінде екі шығармашылық емтихан тапсырады.

«Халықаралық журналистика және интернет қауіпсіздігі» ББ бойынша оқыту тіліне байланысты емтихан ағылшын тілінде жүргізіледі. «Цифрлық журналистика», «Бизнес журналистика, SMM&PR», «Телерадио журналистика» ББ үшін ХАТУ-да оқу тіліне орай емтихандар қазақ, орыс тілдерінде өткізіледі.

«Халықаралық журналистика және интернет қауіпсіздігі» ББ бойынша оқыту ағылшын тілінде жүргізіледі. «Цифрлық журналистика», «Бизнес журналистика, SMM&PR», «Телерадио журналистика» ББ бойынша ХАТУ-да оқу үшін таңдалған тілге байланысты қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жүргізіледі.

Қабылдау комиссиясының құрамын Қабылдау комиссиясының төрайымы бекітеді. ХАТУ-дағы шығармашылық емтихандарды қабылдау жөніндегі комиссия құрамына Қазақстандық БАҚ өкілдері, ХАТУ-дың профессорлық оқытушылар құрамы, шетелдік мамандар кіреді.

Жалпы орта (жалпы орта білім беру) ұйымдарының түлектері үшін, немесе техникалық және кәсіптік (бастауыш және орта кәсіби), орта білімнен кейін білім беру бағдарламаларын жүзеге асырушы ұйымдардың түлектері үшін шығармашылық мамандықтарға түсетін кезде Қазақстан тарихы және оқу сауаттылығы (оқу тілі) бойынша алған балдары есепке алынады.

В042-"Журналистика және репортерлік іс" білім беру бағдарламаларының тобы бойынша мемлекеттік грантқа оқуға түсу кезінде өтініштер мен шығармашылық емтихандар Халықаралық ақпараттық

технологиялар университетінің орналасқан жері бойынша Алматы қаласы, Манас көшесі 34/1, Жандосов көшесінің қиылысы бойынша қабылданады. Ақылы бөлімге түсу үшін талапкер басқа жоғары оқу орындарында екі шығармашылық емтиханның нәтижелері туралы үзінді көшірме алуға құқылы.

Талапкерлерді жоғары оқу орындарына қабылдаудың Типтік ережелеріне сәйкес ХАТУ кәсіби бағыттағы кіріспе сынағын жүргізеді, оның ішінде 2 шығармашылық емтихан тапсырылады. Емтиханда талапкердің кәсіби бейімділігі анықталады.

1-ші шығармашылық емтихан – жазбаша.

2-ші шығармашылық емтихан – ауызша.

Университетке оқуға түсу үшін өткізілетін шығармашылық емтихан мамандықтың шығармашылық ерекшелігіне байланысты, креативтік сипаты, назар аударушылық, презентациялық дағдылар ескеріледі. Шығармашылық емтихандар талапкерлердің қабілеттері мен шығармашылық бағыттағы мамандықты игеруге керекті бойындағы алғышарттарды анықтау үшін өткізіледі.

Шығармашылық емтихандардың мақсаты – талапкердің «Журналистика және репортерлік іс» саласындағы білім беру бағдарламалары бойынша оқуға дайындығын тексеру.

Міндеттер:

- талапкердің шығармашылық әлеуетін бағалау;
- коммуникация саласындағы жазбаша және ауызша білімін, дағдылары мен іскерлігін анықтау;
- талапкердің дәл осы білім беру бағдарламасы бойынша оқуға түспек уәждемесін және Университетті бітіргеннен кейін осы мамандық бойынша жұмыс істеуге деген ұмтылысын анықтау.

Абитуриент шығармашылық емтихан өткізілетін аудиторияға жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен соң кіреді.

Шығармашылық емтихандар бейне және аудио жазбамен жабдықталған аудиторияларда өткізіледі. Шығармашылық емтихандардың саны екеу.

Шығармашылық емтихандар ХАТУ – да 8-13 шілде аралығында мемлекеттік грант алуға үміткерлер және ақылы бөлімде оқығысы келетіндер үшін өткізіледі.

*Әр шығармашылық емтихан бойынша ең жоғарғы балл – 45.* Әр шығармашылық емтихан бойынша 5 балдан кем алғандар және емтиханға келмегендер білім беру бағдарламасы бойынша оқуға түсе алмайды.

Шығармашылық емтиханды қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

Шығармашылық емтихандар басталғанға дейін талапкерлерге емтихандық материал таратылады, жауаптарды ресімдеу тәртібі түсіндіріледі, сондай-ақ шығармашылық емтихандардың басталу мен аяқталу уақыты көрсетіледі.

**1-шығармашылық емтихан жазбаша, яғни берілген тақырыптардың біріне эссе жазу түрінде өткізіледі.**

Университеттің арнайы комиссиясы эссе тақырыптарын әзірлейді, қазіргі әлемнің өзекті мәселелері қамтылған және білім беру бағдарламасына

сай тақырыптар болады. Эссе атаулары жазылған парақтар конверттерге салынады. Конвертте 3 эссенің тақырыбы көрсетіледі. Талапкер үш тақырыптың бірін таңдайды.

Берілген тақырыпқа эсседе автор өз пікірлерін, әсерлерін, ойтолғауларын еркін прозалық формада жазбаша мазмұндайды. Мазмұндау стилі-мектеп бағдарламасының лексикалық, морфологиялық, синтактикалық нормалары шеңберінде. Эссеге қойылар негізгі талап – берілген тақырыптарды ашу.

Емтихан сұрағында болуы ықтимал эссе тақырыптары (абитуриент 1-ші шығармашылық емтиханда таңдаған үш тақырыптың бірі бойынша жазады)

Цифрлық журналистиканың, SMM, Жарнама, PR немесе қоғаммен байланыстың, телерадиожурналистиканың дамуы, Цифрлық технологиялар, Қоғамдық сананы жаңғырту, Бұқаралық ақпарат құралдары, Ақпараттық терроризм, ҚР бағдарламалық құжаттары, Ұлттық мүдделер және елдің қауіпсіздігін нығайту, Білім беру, Экология, Медиалық мамандықтар, Абай мұрасы.

Эссеге бөлінген уақыт –3 сағат. Эссе көлемі –2-3 бет (кем дегенде 1500 таңба).

**Эссе үшін жоғары балл – 45 ұпай.**

Эссе бағалау критерийлері:

а) тақырыпты ашу қабілеттілігі, мазмұндылығы – 15 ұпай

б) құрылымы, композициялық аяқталуы –15 балл

в) мазмұндау тілі мен стилі, бейнелеушілік, сауаттылық –15 балл.

**2-ші шығармашылық емтихан ауызша өткізіледі, онда екі тапсырма көзделген.**

**1-тапсырма** – берілген шығармашылық жобаны қорғау немесе жарияланған жұмыстарды көрсету (шарт: талапкер жобаны немесе жарияланған жұмыстарды ұсынады).

Шығармашылық жоба – талапкердің тапсырмада көзделген мақсатқа қол жеткізу үшін көпшілік алдына өзінің креативтік шешімін ұсынуы.

*Шығармашылық жобалардың тақырыптары (талапкер бір тақырыпты таңдайды).*

**Тақырып №1.**

А.Мицкевич университетінің (Польша) және ХАТУ «Журналистика және репортерлік іс» тобы қос дипломдық бағдарламасын ілгерілету үшін әлеуметтік желілерде флешмоб немесе лайфхак әзірлеу (4 білім беру бағдарламасы – Бизнес журналистика, SMM және PR, Цифрлық журналистика, Халықаралық журналистика, Телерадиожурналистика). Қос диплом бағдарламасы ұсынатын мүмкіндіктерді зерттеңіз.

**Тақырып №2.**

Интернет кеңістігінде компанияның имиджін, беделін, атағын көрсете отырып, ХАТУ-дағы журналистика мамандығының медиакеңістікте ұсынылуына (БАҚ) мониторинг жасаңыз. Зерттеу жұмысын визуализация және диаграммалар пайдалана отырып презентация түрінде ұсыну.

### **Тақырып №3.**

ХАТУ журналистика мамандығы, оның түлектері мен студенттері туралы өз бейнематериалыңызды, қысқаметражды фильмiңiздi көрсетiңiз.

Қорғау берiлетiн жалпы уақыты – 15 мин. Оның 7 минуты шығармашылық жобаны қорғауға, ал 8 минут – комиссия мүшелерiнiң сұрақтарына жауапқа берiледi.

**2-шi тапсырма** – талапкердiң жалпы ой-өpiciн байқау үшiн қойылатын емтихан сұрақтарына жауап.

**Ауызша емтихан үшiн жоғары балл – 45 ұпай**

Ауызша емтиханды бағалау критерийлерi:

- a) жарияланған жұмыстар (мақалалар, сценарийлер) немесе жоба презентациясы – 15 балл
- b) талапкердiң жалпы ой-өpici (талапкердiң елдiң саяси өмipiн, мемлекеттiк құрылымын, Қазақстанның iшкi және сыртқы саясатының басымдық бағыттарын бiлуi). Қазақстан БАҚ қызметiнiң туралы жалпы түсiнiгi (медиапорталдар, бұқаралық ақпарат құралдарының сипаттамасы) – 15 балл
- c) өз ойын жеткiзе алуы, сөз байлығы, жалпы мәдениетi, шешендiк шеберлiгi, дикция және т. б. – 15 ұпай

2-шi шығармашылық емтихан апелляцияға жатпайды, себебi ауызша түрде өткiзiледi және шешiмдi комиссияның бүкiл құрамы коллегиялды түрде қабылдайды. 2-шi шығармашылық емтихан тапсырушыға хаттама толтырылады, ол нөмiрленедi және комиссия мүшелерi қол қояды.

Шығармашылық емтихандардың нәтижелерi ведомость түрiнде ресiмделедi, оған емтихан алушы қол қояды, қабылдау комиссиясының төрайымы растайды.

**АҚ «ХАТУ» Қабылдау комиссиясының  
жауапты хатшысы**



**Мухамедиева А.Г.**

**МжҚТ кафедрасының меңгерушiсi**



**Ниязғұлова А.А.**